№11 Дәріс. Фразеологизмдердегі түс символдары.

Әр түрлі морфологиялық құрамға ие, оның ішінде түбірлермен қоса, көптеген түсті білдіретін сөздердің шығу арнасын тек қана ата тілге емес, сонымен қатар жалпытүркілік ата тілдің негізін құрайтын семантикалық және формалдық категориялардың қалыптасу кезіндегі өте көне кезеңге жатқызуға болады. Бұл түсінікті де. Тек түркі тілдес халықтарда емес, әлем халықтарының тілінде заттың сынын, түсін білдіретін түс атаулары адамзаттың, қоршаған ортадағы заттар мен атаулардың, құбылыстар мен түсініктердің белгілерін анықтаудағы негізгі сөз табының бірі болып табылады. “Табиғат бізге ерекше әсемдігімен, көркем сәнімен бояу-нақышымен қымбат. Оның сұлулығы, көз тартар көркі ең алдымен түрлі-түсті реңіне байланысты. Басын ақ қар шалған асқар таулары мен мұнартқан зеңгір шыңдар, арайлап атқан таң мен алаулап батқан күн, толқынды теңіздер мен айдынды шалқар көлдер, жоңки көшкен бұйра бұлттар мен күн сәулесімен көмкерілген кемпірқосақ, жасыл орман мен көкорай шалғын дала, жеміс жидек, гүл-бәйшешек, аспанда ұшқан аққу мен жерде жортқан алтайы қызыл түлкі т.б. – осының бәрі өз өңімен, өз реңімен, бір-бірін қайталамайтын неше алуан түр-түсімен, нақыш-бояуымен көрікті де көркем, әсерлі де әсем”, – деп тілші ғалымдар түр-түстің бейнесін береді [Ә. Қайдар, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков, 1992; 3 б.].

Табиғаттағы алуан түрлі түстерді адамзат, біріншіден, ғылыми жолмен – колориметрия, физика, физиология, психология т.б. салалардың дамуы арқылы, екіншіден, дәстүрлік тану негізінде – ұзақ ғасырлар бойындағы өмір тәжірибесімен тани алады. Дәстүрлік тану әрбір халықтың рухани, мәдени өмірімен, тілімен бірге дамып, кемелденіп отырады.

Күнделікті қарым-қатынас үрдісінде санамызда қалыптасқан, “көз қуантып, көңілге нұр ұялататын, жүректің нәзік сезімін тербетіп, жан дүниеңе эстетикалық ләззат сыйлайтын”, басым көпшілігі қоғамдық символикаға айналған жүздеген түс түрлері мен фраземаларды қолданамыз.

Табиғатта кездесетін әр алуан түстің барлығы әрқашанда заттың, құбылыстың түрін-түсін анықтаумен шектелмейді. Олар көбінесе мүлдем түске қатысы жоқ, ұғым түсініктерді мағыналарды білдіре алады. Мұндай мағыналарды символдық мағыналар деп атайды. Түр-түстердің қоғамда, ондағы әдет-ғұрыптарда, дәстүрлерде, белгілі бір ұлтта, этноста кейде жеке тұлғалардың түсінігінде өзіндік орны болады. Тіл-тілдегі түр-түске байланысты символдық мағыналар белгілі ұлттың қоғамдық құрылымына, саясатына, сана-сезімі мен түсінігіне, көзқарасына, мәдени мұраларына және тағы басқа атрибуттарына байланысты жалпылық қасиеттермен қатар жекелілігімен, “ұлттылығымен” ерекшеленеді.

Адамдар қоршаған ортаға, табиғатқа көзқарасы оны көру әлемі ортақ болғанымен, кейбір жағдайда өзін қоршаған табиғи түстер мен реңктерге көзқарасы оларды сезінуі мен қабылдануы бірдей бола бермейді. Сондықтан да түр мен түстің этностың, халықтың, жеке тұлғаның психологиясымен, сезіну қабілетімен, эстетикалық танымымен, шығармашылық дүниесімен тікелей байланысты.

Қазақ тіліндегі түр мен түстің тілдегі көрінісін зерттеген ғалымдар Ә. Қайдар, З. Ахтанбердиева, Б. Өмірбеков мынандай ғылыми пікір айтады: “Қазақта “әр елдің заңы басқа, иттер – қара қасқа” деген мәтел бар. Оны жеке адамдар мен қауымның түр-түске әр түрлі көзбен қарайтынына байланысты айтуға болатын сияқты. Ол орыс тіліндегі “На вкус и цвет товарища нет” деген мақалымен де астарлас. Өмірден алынған бұл екі нақылдан “әр елдің, әркімнің өз талғамы, өзі ұнататын түрі мен түсі бар” дегенді аңғаруға болады” [Ә. Қайдар, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков, 1992; 74-75 бб.].

Әрбір этнос, ұлт түсінігіндегі түрлер мен түстердің өзіндік ұғымдар мен мағынасы, таңбалық символы болады. Қазіргі әрбір халықтың, мемлекеттің рәміздері мен нышандар символдары, тарихы олардың ұлттық дәстүрлермен, салт-санасымен, әдет-ғұрыптармен генетикалық тұрғыдан байланысты. Ерте кезде әрбір рудың, тайпаның өздеріне ғана тән таңбалар мен ұрандары, тулары мен мөрі, қару-жарақтары, эмблемалары мен елтаңбалары,

ірі-қараға салынған ен таңбалары болған. Осы аталған этностың белгісін көрсететін символдар халықтың өз дәстүріне сай әртүрлі түстер арқылы бейнеленген. Олардың өзіндік мағынасы, қоғамдық, әлеуметтік дәрежесі, жалпы этносқа ортақ ұғым, таңба, белгі, символ ретінде танылған. Сондықтан да ақ пен қараның, көк пен жасылдың, сары мен қызылдың түстік, түрлік номинативтік мағынасы бірте-бірте абстрактыланып, олардың заттық, материалдық ауыс мағыналары даму негізінде, қолдану шегі бірте-бірте кеңейе түседі.

Қазақ тілінде түр мен түс атауларының тура номинативтік мағыналарына қарағанда олардың ауыспалы, қосымша, символға айналған мағыналары басымырақ болып келеді. Бұл категория тілдің ұзақ даму тарихында қалыптасып, қолданыс дәстүріне айналған тілдің құдіреті мен қасиетінің көрінісі болып табылады. Лексикографиялық деректерден жиналған материалдарды талдау – түр мен түстің номинативтік мағынасы мен коннотативтік мағынасының арасында кейде байланыс байқалса, ал кейбір жағдайда о бастағы семантикалық байланыстың үзілгенін дәлелдейді.

Бұл мағыналардың логикалық байланысы метафора, метанимия, синекдоха, полисемия және тағы басқа тілдік заңдылықтарға байланысты болса, ал семантикалық байланыстың үзілуі – логикалық абстракция негізіндегі әлемді салыстыра, салғастыра танудың нәтижесі.

Негізгі өмір сүру көзі – мал шаруашылығымен байланысты болған қазақ халқы неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғат құбылыстарын бағдарлау арқылы табиғатпен тіл табысқан. Халық қоршаған ортаны, тау мен тасты, өзен мен көлді, дала мен орманды “тұлғаланған”, “жанданған” кейпінде қабылданған. Сондықтан да болар, қазақ тілі фразеологиялық қорында түс символикасымен қатысты тіркестер саны аз емес.

Фраземалар құрамында түс семантикасы түр-түстік мағынадан гөрі халықтық болмыспен, дүниені тану бейнесімен, өмір сүру ортасымен, мәдени және рухани дүниесімен, материалдық және өндіріс жүйесімен, әлеуметтік-экономикалық құрылымымен және т.б. атрибуттармен тікелей байланысты.

Қара түсімен байланысты фраземалардың негізгі символикасы, номинативтік мағынасы – “ақтың қарама-қарсы түсі”. *Қара* түсі Орхон-Енисей руникалық ескерткіштерінде, көне ұйғыр жазбаларында, Қараханид және көне оғыз, орта ғасырлық ұйғыр қыпшақ, хорезм түріктері тілі ескерткіштері мен шағатай жазбаларында, қазіргі түркі тілдерінде *qara*, гагауыз, салар тілдерінде kara, түрікмен тілінде *Gara,* хакас, якут тілдерінде *xara,* чуваш тілінде *xura*, чуваш тілінде *xura* тұлғаларында қолданылады.

Академик А.Н. Кононов қара сөзінің барлық түркі тілдері материалдары бойынша 18 түрлі мағынасын көрсетсе, бізде жиналған лексикографиялық деректер бойынша қара сөзінің 31 мағынасы анықталды. Оны төмендегі сызба арқылы көрсетуге болады:

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қара сөзінің негізгі тоғыз мағынасы берілген [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 36 б.].

1. Күйенің, көмірдің түсіндей (түс, бояу);
2. Дәл не екені айқын емес, қарайып көрінген нәрсе; қарайған;
3. Аумақ, көлем, сан, мөлшер, шама;
4. Жобасы, нобайы, пошымы, түрі;
5. Ес, серік, тірек, сүйеу;
6. Ауыс. Арам, қара ниет, зұлым;
7. Этнограф. Өлікті аза тұтудың белгісі ретінде киетін киім;
8. Қарапайым, халық арасынан шыққан адам, қара халық, бұқара;
9. Ірі мал: жылқы, түйе, сиыр.

Қалған тіркес ішіндегі мағыналары сөздікте идиома белгісімен (♦) берілген. Түркі тілдеріндегі лексикографиялық деректердің мағлұматына сүйенетін болсақ, №11, 12, 15-20, 23-26 мағыналарда қандай да бір түстік уәжділік ізі байқалмайды. Бұлардың басын біріктіретін негізгі сема “сансыз көп, үлкен, қалың”, осы мағыналардың “күшті, мықты” семалары дамып, №20 мағынада “өте” деген жалпылық, үстеулік мағынаға ие. Қара сөзінің №21 (дақ) мағынасында түр-түсітік белгі қандай да бір заттың алыстағы бейнесі, көрінісі

қара дақ мағынасында қолданылады. Заттар мен адамдардың “шамалы, көлемі, саны” мағынасын, №11 сема көбінесе түркімен тілінде жақсы дамыған. Олардың “көлем шамасы” әйтеуір бір қарағанда байқалады. Түркіменше-орысша сөздікте төмендегідей мысал берілген *гарасы улы гөрүнәр* “на вид довольно большой”, *гарсы хич зат дэл* “с виду очень маленький” [Туркменско-русский словарь, 1968; 154-155 бб.].

№9 мағынадағы жер семасы “қарайған нәрсе” денотатының негізінде пайда болған. Ал №13 мағынадағы “ірі-қара” яғни “мал” семасы алыстан көрінетін қарайған мал ұғымынан келіп шыққан болу керек. Ал №14 семадағы “қалың” мағынасы мүмкін эпитеттің негізінде пайда болса керек.

Қара түсінің бірінші мағынасы түсіндірме сөздікте берілгендей “ақтың қарама-қарсы түсі”. Бұл оның негізгі номинативтік мағынасы болып табылады. Бірақ бұл номинативтік мағына одан кейін пайда болған коннотативтік мағыналардың қалыптасуының барлығына бірдей ұйытқы бола алмаған. Мысалы, түрік топонимикалық жүйесінде жиі кездесетін qara *su* тіркесінің мағынасы сумен емес, жермен байланысты, ал барлық орта ғасыр түрік ескерткіштерінде кездесетін *qara budun* термині халықтың түсіне байланысты емес, оның қоғамдық-әлеуметтік орнымен байланысты, яғни қарапайым, төменгі сатыдағы халық, *qara qum* тіркесіндегі қара түсті білдірмейді “көп, мол” құм мағынасында қолданылады.

Қара сөзінің ауыс, коннотативтік мағынасы оның номинативтік мағынасына қарағанда әлдеқайда көп:

– мал мағынасындағы қара – *ірі-қара мал, қара мал;*

– алыстан бұлдырап, қарауытып көрінетін бейне, жанды/жансыз зат, силуэт – *қарасын көрсетпей кету, қарасы өшу;*

– хан, ақсүйектер тұқымына жатпайтын жалпы халық – *қара халық, қара тобыр, қара бұқара* (жай халық арасынан шығып, хан болған адамға Қарахан деген титул берген, халық аузындағы қарадан шығып хан болған деген мәтел осының айғағы);

– серік, ес, жәрдемші – Артында *жалғыз қараны* көретұғын күн қайда (Алпамыс жыры);

– айыпты, кінәлі, қылмысты адам – бақыт баста тұрғанда, білмесең де данасың, Бақыт құсы жөнелсе, *ақ та болсаң қарасың* (Ауыз әдебиеті).

– адамға зиян келтіретін қасиетсіз мақұлық – *қара басқыр, қара көрінер;*

– өлім-жітім, қайғы-қасірет – *қара қағаз, қара уайым; қара жамылу;*

– қою, қалың, тығыз – *қара орман;*

– реңсіз, қоңырқай, түр-түссіз – *қара металл, қара бақыр;*

– жай, қарапайым өлең, сөз – *қара өлең, қара сөз;*

– ауыр, зілбатпан – *көңілі қара қазандай, қара уайым;*

– қатыгез, қаныпезер, ұятсыз, пиғылы жаман – *қара көңіл, қара жүрек, қара бет;*

– жазу, сызу, хат, сауат – *қара тану, ақ, қараны тану;*

– жердің беті, қабаты – *қара жол, қара су;*

– күшті, екпінді – *қара дауыл, қара күш;*

– желсіз, қатты суық, аяз – *қара суық, қара аяз, қара қатқақ;*

– жаяулы, жалпылы – *қара жаяу, қара жарыс, қара желіс;*

– көңілсіз, сүреңсіз, бейғам – *жеті қараңғы түн, қара іңір, қара кеш;*

– ең жақын, ең қымбатты – *көзімнің ағы мен қарасындай;*

– жарлы, кедей – *қара табан, қара сирақ, қара кедей;*

– үлкен, қадірлі, қасиетті – *қара шаңырақ* және т.б.

Қара сөзінің ұйытқы болатын қазақ тіліндегі фраземаларды семантикалық тұрғыдан төмендігдей топтастыруға болады.

- Табиғат құбылыстарына байланысты фраземалар: *қара жауын* “қалың жауын”, *қара суық* “күз айларындағы жаңбырсыз, қарсыз суық”, *қара дауыл* “екпінді суық, ызғарлы дауыл”, *қара жел* “жауын-шашынсыз азынап соққан өкпек жел”, *қара күз* “нағыз күз, суық күз”, *қара көлеңке* “апақ-сапақ, қара күз” “нағыз төңірек, айнала көмескі тартқан мезгіл” т.б.

• Адамның сыртқы келбетін, түр-тұлғасын сипаттайтын фраземалар: *қара көз* “сұлу, әдемі, көркем”, *дәу қара* “үлкен, еңгезердей, екі иығына екі адам мінгендей”, *алпамса қара* “алпамсадай, сойталдай, еңгезердей ірі”, *қара жон* “еті денесі тығыршықтай толық, әрі мықты, төзімді”, *ақ сақал, қара сақал* “үлкен-кіші, түгел” т.б.

• Адамның жеке басына тән қасеиттерді, ішкі жан дүниесін айқындайтын фраземалар: *қара бет* “ұятсыз, арсыз”, *қара жүрек* “рақымсыз, мейірімсіз”, *қара ниет* “арамдық, залымдық, жамандық” *қара көңіл* “аңғал, бейғам”, *көзі қарақты* “білімді, оқыған адам, көкірегі сара”, *қара таяқ* “ертерек кезде қалада оқыған адамға қойылатын кекесін ат”, *қара домбай* “оқымаған, білімсіз”, *қара қылды қақ жарған* “тура жүріп, тура сөйлейтін” т.б.

• Адамның физикалық қалпын, физиологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын фраземалар: *қара еті жыртылды* “денесі ауырды, көтертпей қалды”, *көзі қарауытты* “қатты шаршады”, *жанарына қара ілікті* “жанды не жансыз зат тұлғасы, нобайы көзге шалынды”, *ұрынарға қара таппады* “кімге соқтығарын білмеді, біреуге тиісуге ілік іздеді”, *көз сүрінер қара жоқ* “жанды не жансыз зат тұлғасы, нобайы көзге көрінбеді”, *қара үзді* “көзін жоғалтты, құртты”, *қарасы батты* “көзімді жоғалтайын, құриын”, *қара басы* “жеке бас, тек өзі, өзі ғана”, *қара құс* “шүйде жалғасқан сырт мойын”, *қара күш* “адам бойындағы мол қуат, зор дүлей күш”, *қара терге түсті* “қатты терледі, сел-сел болды”, *қарайып қалды* “тосаңсып, тосырқап қалды, үйреншікті дағдыдан айырылып қалды, икемсізденді” т.б.

• Адамның психикалық ерекшеліктерін, моральдық қалпын, ойлану, сөйлеу қабілетін, іс-әрекетін, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасын, тән қажеттіліктерін білдіретін фраземалар: *жүрегі қарайды* “ниеті бұзылды, жамандық ойлады”, *өкпесі қара қазандай* “реніші таудай, көңілі қатты қалған”, *қара ой* “ызасы келді, күйінді”, *басы қаралы* “кісісі өлген, азалы, қайғылы”, *күні қараң* “халдерің мүшкіл, күндер жоқ, жағдайларың қиын”, *қара көже* “қатықсыз көже”, *қара нан майға пісірмеген нан, қара шай* “сүт, қаймақ қатып ағартпаған шай” т.б.

• Жалпылық ұғымдарға байланысты фраземалар: *қара күйе* “жала айып”, *қара жала* “нақақ айып, жала”, *қара таңба* “жаман ат”, *қара қайғы* “қаза өлім” т.б.

• Қоғамдық тұрміс-тіршілікке, адамның әлеуметтік жағдайына байланысты фраземалар: *қара түн* “қасіретті, қайғылы” *қаралы хабар* “қайғылы хабар жаршысы”, *қара сирақ* “тақыр кедей, жарлы-жақыбай”, *қара қағаз* “майдандағы жауынгерлердің мерт болғандығын хабарлайтын қағаз, хат” т.б.

• Тұрмыс-салт әдет-ғұрып, наным-сенімге байланысты қара сөзінің қатысуымен жасалған фраземалар: *қара шаңырақ* “кенже ұлға мирас болып берілген отау” *қара орман* “қалың, ну”, *қаралы үй* “азаматы өлген, азалы үй”, *қаралы жаулық* “ері, жанашыры қайтыс болған әйел”, *қаралы көш* “кісісі өлген, қайғылы, азалы көш”, *қаралы ауыл* “адамы қайтыс болып аза тұтып отырған ауыл” т.б.

• Алғыс-қарғыс мәнді фраземалар: *жүзі қара* “ұятсыз, арсыз, қара бет”, *қараң өшкір* “құры, көзің жоғалсын”, *қара мал* “сиыр, жылқы, түйе”, *алдына қара салмады* “жарыста алдына мал түсіріп көрседі” т.б.

• Сауыт-сайман, қару-жарақ және зергерлік өнерге байланысты фраземалар: *қара мылтық* “күміс әшекейсіз”, *қара садақ* “үлкен садақ”, *қара маржан* “асыл тастың түріне байланысты” т.б.

Қазақ тіліндегі қара сөзінің лексикалану үрдісімен қатар кейбір тіркестерде қолданылатын аталмыш семаның кірме сөздік табиғатын дәлелдейтін тілдік дәйектемелер де бар. Сөз төркінін зерттеуші Ә. Нұрмағамбетов қара басу фраземасының этимологиясы жөнінде мынандай пікір айтады: “Қара басу – түсіндірме сөздіктегі мағынасы “албасты басты, құдай ұрды, жолы болмады, оңбады”. Сырт көзге түркі тілдерінің сөзі әрі екі түбірдің тіркесінен туған сияқты... Дәл осындай тіркес қырғыз тілінде де кездеседі: қара басу “жын басу” мағынасында түсіндірілген.

Біздің жобалауымызша, тіркес қалпында қабылдап отырған бұл сөздің төркіні араб тілі және бір ғана сөз сияқты. Араб тілінде: ғаребасат – 1. шымырлау, шатысу; 2. шатақ, шытырман.

Егер осы деректі дұрыс деп ұқсақ, “қарабасу” сөзінің шын мағынасы – шырмалу, шатысу. Кім біледі, түркі тілдерінен араб тілдеріне ауысып, оларда сәл өзгеше мағына иеленуі де ғажап емес” [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 162 б.].

Әрине бұл ғылыми гипотеза ғана. Қара сөзі туралы алтаистика ғылымында да көзқарастар жоқ емес. Ресей түркітанушысы И.В. Кормушин қара сөзінің семантикасына талдау жасай келіп, бурят тілінде – *хара,* қалмақ тілінде – *хар,* монғол тілінде – *хар* сөздерінің түс, қара қоңыр, балшық *(хара болох* кір болу“), қарсыз жер, құрғақ жер, майсыз ет, ешнәрсе қосылмаған нан, сүт, қарапайым қара халық, қара байыр, жауыз, рух, физикалық күш, тек, артық, мейірімсіз, бақытсыз, жынды, ерекше, қайырымсыз, бірбеткей, жағымсыз, қорқынышты, қызғаныш, көре алмаушылық, өсек-өтірік, көлеңке мағыналарында қолданылатынын айта келіп, бұл мағыналардың кейбіреуінің тұңғыс-маньчжур, евенек, негидаль, орок тілдерінде де аталмыш семалардың көпшілігінің тілде қолданылатынын айта кетеді” [И.Г. Добродомов, 1997; 598 б.].

Тарихи сөзжасамның теориялық негіздерін қазақ тіл білімінде ғылыми тұрғыдан талдаған ғалым А. Салқынбай, ірі-қара, қара мал деген тіркестердегі қара сөзінің мағынасы фин тілінде “скот” (мал) деген мағынаны беретінін айтады [А. Салқынбай, 1999; 264 б.]. Қара сөзінің басқа тілдерде де қолданылу мүмкіншілігін кірме сөз ретінде емес, ортақ лексикалық ұғым ретінде танимыз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде “ақ” сөзінің негізгі жеті мағынасы берілген [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 126 б.]:

1. Қардың, сүттің, бордың түсіндей (қара түске қарама-қарсы);
2. Адамның, малдың, құстың т.б. жан-жануарлардың түсі;
3. Өсімдіктің түрі;
4. *Сөйл.* Әк;
5. Совет үкіметіне қарсы күрескен дұшпан тобы;
6. Дойбының, шахматтың фигуралары;
7. Адал, кінәсіз, жазықсыз;

Қалған тіркес ішіндегі мағыналары сөздікте идиома белгісімен (♦) берілген.

Ақ фраземасының таңбалық-символдық мағынасы. Жиналған лексикографиялық деректер бойынша ақ сөзінің 12 мағынасы анықталды. Оны төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады:

6-кесте – Түркі тілдеріндегі ақ сөзінің лексикографиялық деректер бойынша мағыналары

№	*Ақ* сөзінің мағынасы	*Мағынаның түркі тілдерінде қолданылу/қолданылмауы*
1	түс	Барлық түркі тілдерінде
2	ақ сұр, көк (жануарлардың жүнінің түсі, әсіресе аттың түсі)	орхон, көне ұйғыр, қараханид-ұйғыр, орта ғасыр ескерткіштеріндегі ұйғыр, хақас, тува
3	ашық, ақшыл	кабардин-балқар, ноғай
4	ағарыңқы, ағарған, бозарған, өңсіз, кейіпсіз, жүдеу, жадау, күңгірт, күліңгір	кабардин-балқар, ноғай
5	ақ, бурыл, ақшыл, ақсұр	түрік, кабардин-балқар, құмық, татар, башқұрт, ноғай, өзбек, ұйғыр, хакас, тува
6	а) таза, адал, былғанбаған, айыпсыз, күнәсіз; ә) шындық, ақиқат; б) анық, ақиқат; в) адал г) бақытты ғ) өте әдемі, сұлу, тамаша	түрік, гагауыз, түркімен, қарайым, татар, башқұртноғай, қарақалпақ, қазақ, қырғыз, алтай, өзбек, ұйғыр, хакас, тува, гагауыз, қазақ әзірбайжан, қазақ қарайым, ноғай, қазақ

		татар, қазақ хакас, қазақ
7	ақ (көздің ағы), (жұмыртқаның ағы), көз сүйел (көзге түскен ақ);	түрік, гагауыз, әзірбайжан, түркімен, қарайым, кабардин-балқар, құмық, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қазақ, қырғыз, ал өзбек, ұйғыр, хакас, тува
8	ақсары	Хакас
9	ақ (сақал, шаш)	түрік, түркімен, құмық, қазақ, өзбек
10	ақтық, шаңқақ	түркімен, гагауыз
11	ақ бөз, мата	әзірбайжан, құмық, қазақ
12	дәнді астық	Түркімен

Ақ сөзінің этимологиясы жөнінде түркітанушы ғалымдар арасында пікірлер бір жақты емес. Мәселен, алтаист ғалымдар К. Менгес, М. Рясянен aq (a:q) сөзін қытай тілінен енген кірме сөз деп қарайды. Әрине бұл пікірмен келісу қиын. Себебі ақ сөзі Орхон-Енисей, көне ұйғыр, Қараханид, оғыз, орта ғасырдағы қыпшақ, хорезм, шағатай ескерткіштерінде, сонымен қатар қазіргі түркі тілдерінің барлығында кездеседі. Түркі тілдерінің көне қабатына жататын байырғы лексема болып табылады.

Табиғаттағы түс-түстің ішінде ақ лексемасы өзгеріске көп ұшырайтын, тілдегі қалыптасқан дәстүр мен мағыналық ерекшеліктерді қатаң сақтай отырып, синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы сөзжасам жүйесіне кіреді. Мысалы, *ағар, ағарт, ағараңда, ақтал, ақтат, ақшылдан, ақсыра, ақ тарту, аққа айналу, аққа көшу, ақ болу, ағараң тарту, ақшыл тарту, ақ түске бөлену, ақ түске шомылу* және т.б.

Ақтың негізгі мағынасы қардың, сүттің, бордың түсіндей (қараға қарама-қарсы) түс. Бұл ақтың негізгі, түстік, номинативтік мағынасы болып табылады.

Ақ атауы барлық жағдайда тек түсті ғана білдіре бермейді. Оның семантикасы метафоралық, метонимиялық және символдық мағыналардың негізінде өзінің негізгі мағынасынан алшақтап, логикалық, семантикалық байланысынан ажырап, қолданысқа түсуі фраземалар құрамында жиі кездесетін құбылыс. Қазақ тілінде ақ – пәктік пен ақтықтың, махаббат пен қайырымдылықтың символын беретін қасиетті заттарды аққа балаған. Бұның себебі, қазақтың ең қасиетті тағамы сүтпен байланысты. Осының негізінде қазақ тілінде этнофразеологизмдер пайда болған. Этнофразеологизмдер – ұлттық таным нәтижесінде қалыптасқан, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасынан хабардар ететін тілдік бірліктер.

Этнофразеологизмдердің пайда болу уәждері туралы Ә. Қайдар, Р. Сыздықова, Е. Жанпейісов, Ә. Нұрмағамбетов, Н. Уәлиев, С. Сәтенова, А. Салқынбай еңбектерінде біршама қарастырылады. Ә. Қайдар кез келген этнографизмнен этнофразеологизмге номинативтік мағынасымен қатар, шағын этнографиялық этюдтердің де қажет екендігін атап өткен болатын [А.Т. Қайдаров, 1985; 37 б.].

Ақ ұғымының семантикалық шеңбері қазақ тілінде этнографиялық деректердің негізінде ашылады. Мысалы, *Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама* “өзге жаққа босқан, жаугершілікке ұшырап, жұтаңдықтан шұбырған ел туралы”, *Ақ орда* “ерте кезде билік иесі отырған, ханның, бектің, патшаның мекені, резиденциясы”, *Ақ сүйек* “хан, бек, төре тұқымы”, *Ақ бата* “жақсы ниет” ақсүйек (ойын) және т.б.

Ақ ұғымымен байланысты қалыптасқан этнофразеологизмдердің пайда болу уәждеріне салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдер де дерек бола алады. Мысалы, ақ бата – біреудің болашағына, өміріне деген ізгі ниет, адал көңіл. Батаны көбінесе халық қалаулысы, ауыл ақсақалы, қариялар берген. Халық түсінігінде “жақсы сөз – жарым ырыс”, даналардың ақылын тыңда, сөзіне құлақ сал, сонда сенің ақ ниетің адал болады, қыдыр қолдап басыңа бақ қонады деп, үлкен жиындарда қалың нөпір халықты ақ батаға қол жайдыртқан. Мысалы: Әкімгерей майданға аттанар алдында қара шал қой сойып, ауыл

ақсақалдарының басын қосып, жауға қарсы соғысқа аттанғалы отырған Әкімгерейге *ақ батасын* бергізеді (Ә. Әлішев).

Ақ жуып, арулап көмді. Ата дәстүріміз, баба салтымыз бойынша дүниеден қайтқан адамды арулап, жуып, ақыретке, ақ кебінге орап аттандырған. *Ақ жуып, арулау* "тазалау, жуу" мағынасында қолданылады. *Ақ жуып, арулау* тіркесінде "тазалау, кіршіксіз ету" деген семантикалық мағына бар.

Сыр елінің үрдісінен аттамай, жаназаға жиналған жұртқа мақсатында жыртыс жыртып, еркекке бес теңге, әйелге үш теңге, балаға бір теңгеден шірінкене үлестіріп, *ақ жауып, арулап* аттандырады (Д. Досжанов).

Ақ дастархан – "адал көңіл, таза ниетпен жайылған дастархан". Қазақ халқы үйге келген кез келген адамды шын ниетімен, таза көңілмен барын алдына қойып, қарсы алған.

Ағайынға есігіміз ашық, *ақ дастарханымыз* жаюлы, кісіге қиянат жасап, ешкімнің ала жібін аттамаған жандар едік (Заман Қазақстан).

Ақ түс – қазақ ұғымындағы ең қасиетті, ардақты, бояулардың бірі. Ақ түсінің семантикалық нышаны жақсылық, ізгілік, адамгершілік, пәктік, сүйіспеншілік ұғымдарымен шектесіп, астарласып жатады. Мысалы, *ақ көңіл, ақ жүрек, ақ тілеу, ақ бата, ақ өлім, ақ жол, ақ маңдай* және т.б.

Ақ түсінің негізгі, түстік номантивтік мағынасында *Ақ серке қой бастайды, ақын жігіт той бастайды; Ақ жаулығы ананың, ақ көрпесі баланың* мақалдарындағы ақ атауы мысал бола алады. Ақ ұғымының коннотациялық мағынасы төмендегідей:

– сүт тағамдары, төрт түлік малдың сүтінен өндірілетін тағам мен сусындар – *айран, қатық, құрт, ірімшік, қымыз, шұбат;*

– әк мағынасындағы – үйді әктеу/ақтау;

– адал, таза, күнәсіз, пәк – *ақ көңіл, ақ жүрек;*

– әділ, әділетті, арамдығы жоқ, істің дұрысы – *ақ сөйле, ақтық сөз;*

– ізгі тілек, жақсылық бақыт – *ақ тілек, ақ бата, ақ босаға, ақ жаулық, ақ қас, мұңсыз бол!;*

– асыл, таза, қосапсыз – *ақ алмаз, ақ семсер, ақ сауыт, ақ берен, ақ найза;*

– табиғат құбылыстары – *ақ жауын, ақ қар, көк мұз, ақ тұман, ақ түтек;*

– тозу, жұтылу, күйзелу – *ақ сүйек қылу, ақ сирақ, ақтабан шұбырынды;*

– қасиетті, қастерлі – *ақ жауып, арулап көму, ананың ақ сүті;*

– хан, бек, төре тұқымы – *ақ сүйек, ақ орда, ақ үй, ақ саусақ;*

– әйелге тән әдемілік, келбеттілік, сұлулық – *ақ жүзді, ақ дидар, ақша бет* және т.б.

Ақ ұғымының лексикалық мағынасының кеңеюі терминдердің қалыптасуымен кейбір сөздердің калька жолымен аударылуымен де байланысты. Кеңес дәуірінде "ақтар" ұғымымен субстантивтеніп революцияны жеңуге қарсылық көрсеткендердің ресми терминіне айналды. Немесе орыс тіліндегі *белый билет* "ақ билет" әскерден бостатылғандардың ресми құжаты, *белая ворона* "ақ қарға" айналасындағыларға ұқсамайтын "ерекше" адам. Кезінде репрессияға ұшырап, кейін адамдардың ақталуына *белые пятна* "ақ таңдақтар" деп жүр. Сонымен қатар орыс тілінде географиялық картадағы әлі ашылмаған, аты қойылмаған объект мағынасында да *белые пятна* фраземасы қолданылады.

Семантикалық-тақырыптық тұрғыдан ақ сөзімен келетін фраземаларды төмендегідей топтастыруға болады:

- табиғат құбылыстарымен байланысты фраземалар: *ақ тұман* "боз тұмен, ақ бұлттай ұйыған тұман", *ақ жауын* "ұзаққа созылып майдалап жауатын жауын", *ақ қар, көк мұз* "қыстың қақаған аязды күні", *ақ түтек боран* "көз ашқысыз, желдете жауған қар";
- адамға байланысты фраземалар: *ақ маңдай* "әйелге тән әдемілік, келбеттілік", *ақ дидар* "сұлу келбет, ақ құба өң, жүз", *ақ білек* "әдемілік, келбеттілік", *ақ тамақ* "қыздың әдемі, сұлу тамағы";
- адамның жеке басына тән қасиеттері, ішкі жан дүниесін айқындайтын фраземалар: *ақ жүрек* "таза, адал көңіл", *ақ көңіл* "арамдығы жоқ, таза, әділетті", *ақ ниет* "адал, пәк, ізгі

тілекті", *ақ саусақ* "ешқашан жанын қинап, қара жұмыс істемейтін кісі", *ақ көз* "надан, ақымақ, қараңғы";

- адамның физикалық қалпын, физиологиялық ерекшеліктерін бейнелейтін фраземалар: *ақ тер, көк тер болды* "қара суға түсті", *қосағымен қоса ағарту* "өмірлік жарымен бірге қартаю";
- адамның психикалық ерекшеліктерін, моральдық қалпын, іс-әрекетін, ойлау, сөйлеу қабілетін, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасын, тән қажеттіліктерін білдіретін фраземалар: *ағынан ақтарылды* "еш нәрсені жасырмады, ішіне еш сыр бүкпей, ашық айтты, бар сырын ақтарды", *ақ-қарасын айыру* "дұрыс-бұрысын, жөні мен қисынын ажырату", *сүттен ақ, судан таза* "кіршіксіз таза, пәк, күнәдан аулақ", *ақ сүтін ақтау* "ата-ананың ізгі тілегін орындау, адал ниетін ақтау", *көзінің ағы мен қарасындай* "ең ардақты, жақсы көрген сүйікті перзенті";
- қоғамдық тұрмыс-тіршілікке, адамның әлеуметтік жағдайына байланысты фраземалар: *ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс* "айтқаны болған, әмірі жүрген", *ақ сақал* "ең құрметті атау", *ақ түйенің қарны жарылды* "аса молшылық".
- салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімге байланысты фраземалар: *ақ жаулық* "әйел, жұбай", *ақ босаға* "таза, қадірлі", *ақ жол* "ақиқат, әділ", *ақ неке* "адал жар", *ақ құйып шығару* "ақ ниет, таза көңіл";
- сауыт-сайман, қару-жарақ және зергерлік өнерге байланысты фраземалар: *ақ сауыт* "асыл, таза, қосапсыз (болат, алмаз т.б.) металл жайында)", *ақ семсер* "сапы мен қанжардан ірі екі жүзді қару" және т.б.

Қазақ халқының негізгі тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Бұл байланыс олардың мәдени-рухани өмірінен, дүниетанымынан, салт-санасы мен әдет-ғұрпынан да байқалады. Қазақтар төрт түлік малдың төртеуінің де түр-түсін анықтауға зор мән берген. Осыған орай тілде ірі қараның түс-түс атаулары көрініс табатын фраземалар да бар.

Ақ түсі әсіресе түйе малымен байланысты көп айтылады. Мысалы, *ақ түйе, ақ нар, ақ атан, ақ інген, ақ бота, ақ тайлақ* және т.б. түйенің түрлері түгі бірыңғай ақшыл болып келетін түске байланысты айтылған. Жалпы ақ түйенің өзі табиғатта сирек кездеседі екен. Қазақ дәстүрінде *ақ түсті аруана, ақ інген, ақ бура* төрт түлік малдың басы киелі, қасиетті жануар болып саналған. Сондықтан да ақ түсті түйені сою – өте сирек болатын, қандайда бір қатал сертке, ырымға байланысты істелетін дәстүр. Тілдегі "ақ түйенің қарны жарылғанда" деген фразема – ертеде кіндігінен бала көтермей жүріп, әйелі ұл тапқанда, қанды майданнан азамат елге сау оралғанда, өлім аузынан аман қалғанда, "соямын" деген сертке байланысты ақ атанның құрбандыққа шалынып, ауыл-аймақтың қуанышқа кенеліп, көл-көсір дәм-тұзға елдің қарық болуына байланысты туған.

Сары фраземасының таңбалық-символдық мағынасы. Жиналған лексикографиялық деректер бойынша сары сөзінің 11 мағынасы анықталды. Оны төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады:

7-кесте – Түркі тілдеріндегі сары сөзінің лексикографиялық деректер бойынша мағыналары

№	*Сары* сөзінің мағынасы	*Мағынаның түркі тілдерінде қолданылуы/қолданылмауы*
1	*Түс*	*Барлық түркі тілдерінде*
2	а) ашық сары; ә) шабдар, аққұла (аттың түсі – құйрық жалы ақшыл құла жылқы)	Гагауыз, якут алтай, тува
3	ақ, ағарыңқы, ағарған, өңсіз, бозарған, кейіпсіз, жүдеу, жадау (адам терісінің түсі)	түрік, гагауыз, тува, қазақ

4	ашық, ақсары (шашқа қатысты), аққұба	түрік, әзербайжан, кабардин-балқар, құмық, татар, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, алтай, өзбек, ұйғыр, хакас, тува
5	таңсәрі, таң ата	Қарайым
6	а) жирен (шаш), күрең (ат), оңып кеткен түс; ә) алтын, алтынданған, алтын сияқты; б) қызылдау, қызғылт; ; в) *мед.* Мысқыл, бұлық (шілделік ауру я құлағынан ірің аққан ауру)	әзірбайжан, кабардин-балқар, татар, ноғай, қазақ, қырғыз, алтай, өзбек, ұйғыр қарақалпақ якут чұлым
7	сары жұмыртқа	түрік, әзірбайжан, түркімен, қазақ қарайым, құмық, татар, ноғай, қырғыз, ұйғыр
8	сары бояу	қазақ, қарайым
9	а) ақ (сақал, шаш); ә) желтизна	түрік, түкімен, құмық, қазақ, өзбек әзірбайжан
10	сары ауру (желтуха)	әзірбайжан, қарайым, татар, башқұрт, өзбек, қазақ
11	ақ, ашық, бурыл (сақал, шаш) ақсұр, ақсұр, ақшыл, ноғала, ақ, көз сүйел (көзге түскен ақ)	чуваш, қазақ

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде сары сөзінің негізгі екі мағынасы берілген [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 187 б.]:

1. Піскен егіннің немесе апельсиннің түсіндей түс;

2. Бір қалыпты, үздіксіз, ұзақ;

Қалған тіркес ішіндегі мағыналары сөздікте идиома белгісімен (♦) берілген.

Көне түркі ескерткіштерінде, Қараханид жазуында қазіргі түркімен, өзбек, ұйғыр, хакас, тува, якут тілдерінде sarγ тұлғасында, башқұрт тілінде hары, чуваш тілінде *шура,* қалған түркі тілдерінде *сары* болып келеді.

Сары түстің қазақ тіліндегі о бастағы мағынасын күннің, оттың түсі және алтын, жез, қола, мыс сияқты металдардың бейнесіне байланысты қалыптасып, дами келе, табиғаттағы, тіршіліктегі әр алуан құбылыстардың сыр-сипатын ашу негізінде дамыған.

Сары түсінің сындық мағынасы төмендегідей анықтауыштық және анықталушы сөздер тіркесінде ашылады:



Сары ұғымының төмендегідей мағыналары бар:

– кең дүние, ұшы-қиыры жоқ жалпақ дала – *сары дала, сары бел, сары жайлау;*

– табиғи физиологиялық кейбір құбылыстардың ұзаққа созылуы *сары күз, сары төсек, сары уайым, сары ізіне шөп салу, ұзын сары;*

– кексе әйел – *сары жілік, сары тіс, сары қарын;*

– жас бала, балапан – *сары ауыз балапан, сары мойын, сары уыз;*

– тіс қаққан, әккі болған, шыныққан – *сары тоқым ұры, сары табан, сары ауыз;*

– көп сақталған, сүрленген, қалыптасқан – *сары май, сары сабан, сары тора шақ, сары табан қар;*

Сары сөзі сары алтын тіркесінде таза, қоспасыз деген мағынаны білдіреді. Сары сөзінің этимологиясына талдау жасаған профессор Р. Сыздықова сары алтын тіркесіндегі сары сөзі парсы тілінің *сара* "таза, қосапсыз, пробасы жоғары" деген мағынаны береді.

Бұл ұғымды саф алтын түрінде қолданылатынын айта келіп, сары уайым фраземасындағы сар сөзі парсының уайым-қайғы деген мағынасын берсе, бұл тіркес уайым-уайым болып бір мағынадағы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болған плеонастық тіркес дейді [Р. Сыздықова, 1994; 136-137 бб.].

Сары бел, сары адыр, сары жота, сары дала, сары арқа, сары бұлақ тіркесіндегі сары компонентін топонимист ғалым Е. Қойшыбаев "кең, басты, айқын" мағыналарын беретінін көрсетеді [Е. Койчыбаев, 1974; 89 б.].

Сары сөзі фраземалардың құрамында әр түрлі табиғат құбылыстарын, адамның сыртқы бейнесі мен ішкі көңіл күйін білдіреді.

- табиғатқа байланысты фраземалар: сары "табиғи құбылыстың ұзақ созылуын, созылыңқылығын сипаттайды", *сары күз* "ұзаққа созылған күз", *сары аяз* "ұзаққа созылған қатты аяз", *сары боран* "ұзаққа созылған күз", *сары боран* "ұзаққа созылған, ызғарлы, суық жел";
- адамға байланысты фраземалар: *сары* "адамның жас мөлшерін хабардар етеді", *сары тіс* "орта жасқа келген әйел", *сары уайым* "тұңғиық, қайғы-қасірет", *сарғая күту* "ұзақ күту", *сары алтындай сақтады* "мейліше қадір тұтып, қастерлей күтті", *сары табан жол* "еңбек жолы" және т.б.

Қызыл фраземасының таңбалық-символдық мағынасы. Жиналған лексикографиялық деректер бойынша қызыл сөзінің 12 мағынасы анықталды. Оны төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады:

8-кесте – Түркі тіліндегі *қызыл* сөзінің лексикографиялық деректер бойынша мағыналары

№ р/с	*Қызыл, алтын, алтынданған, алтын* сөзінің мағынасы	*Мағынаның түркі тілдерінде қолданылуы/қолданылмауы*
1	Түс	Барлық түркі тілдерінде
2	Алқызыл	түркімен, кабардин-балқар, құмық, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, сары ұйғыр, хакас, якут, долған, чуваш
3	алтын (түс)	әзірбайжан, түрікмен
4	шабдар (жылқы)	Хакас
5	Көк	Қырғыз
6	қоңыр, құба	салар, хакас
7	а) шамадан тыс, шектен тыс, өлшеусіз; түкті (гүлге қатысты), жауыз, қара ниет; ашулы, тасқынды, нағыз, шын, ашынған (бірдемеге шын көңілден берілген); дөңгелек (надан, білімсіз); ә) мықты (шайға қатысты); б) есі-түсін білмейтіндей мас в) ыждағатты, тырысу; г) ашық, бұлтсыз, жайма шуақ; ғ) піскен, жетілген, толысқан	Түрік Қырғыз Қырғыз Тува Чуваш Чуваш

8	а) қызылдық, қызарушылдық; ә) *мед.* (көбінесе балаларда болатын өте жұқпалы тамақ ауруы); б) *мед.* қызылша (ауру)	Якут Түрік Ұйғыр
9	алтын	әзірбайжан, түркімен
10	таза астықты бастыру	қарақалпақ, қырғыз
11	шөлді жер	Қарақалпақ
12	ет	Қырғыз

Қазақ тілінің сөздігінде қызыл сөзінің негізгі жеті мағынасы берілген [Қазақ тілінің сөздігі, 1999; 431-432 бб.].

1. Қанның түсіндей түс, қырмызы;
2. Жылқыдан басқа малда болатын ашық-қоңыр түс;
3. Жылқы малында болатын ағы басым көкшіл түс;
4. Малдың, аңның еті;
5. Адам жүзіндегі қызғылт рең, шырай;
6. Қырмандағы ұшырылған, тазартылған астық, дән;
7. Шайдың күрең түсті қою шығымы.

Қалған тіркес ішіндегі мағыналары сөздікте идиома белгісімен (♦) берілген.

Қызыл сөзінің Орхан-Енисей, көне ұйғыр, Қараханид, орта ғасырлық қыпшақ, оғыз, шағатай ескерткіштерінде, түркі тілдерінің басым көпшілігіндегі тұлғасы – qyzyl, хакас тілінде xyzyl, якут тілінде qyhyl, чуваш тілінде xerle.

Қызыл түстің мағыналық қолданыс шеңбері кең. Ауыс мағынада фраземалық тіркестерде символдық қолданысқа түседі. Қызыл түсі о баста күннің, оттың түсіне байланысты олардың символы ретінде қабылданған. *Қызыл іңір, қызыл арай, қызыл аяз, қызыл жел, қызыл су* фраземалары күн мен отқа қатысты қалыптасқан. Қызыл түсінің ауыс мағынада қолданылатын символикалық мәні төмендегідей:

– малдың, хайуанаттардың, құстардың еті – *қызылға отырғызу, қызыл жегізу, қызыл көрген қырандай;*

– қырманда үйілген астық – *қырман толы қызыл, қызыл тазалау, қызыл қырман қылу;*

– жас нәресте – *қызыл шақа, қызыл қарын жас бала, қызыл қарын бұты шыт;*

– революционер – *қызыл әскер, қызыл сақшы, қызыл армия;*

–кеңестік өмірді бейнелейтін әлеуметтік-маңызды құбылыстар – *қызыл отау, қызыл мүйіз, қызыл тақта, қызыл бұрыш, қызыл кітап;*

– табиғат құбылыстары – *қызыл іңір, қызыл шұнақ аяз, қызыл жер, қызыл арай;*

– шебер, көркем – *қызыл тіл, қызыл сөз;*

– адамның іс-әрекеті, мінез-құлқы – *қызыл көз, қызыл ауыз, қызыл өңеш, қызыл шеке болу, қызыл кеңірдек болу* және т.б.

- табиғатқа байланысты фраземалар: *қызыл іңір* “күн батып, қараңғы түсе бастаған мезгіл”, *қызыл арай* “таңертеңгі және кешкі мезгіл”, *қызыл шұнақ аяз* “бетті қарып жіберетін шытырлақ аяз”, *қызыл еспе (жел)* “аңызақ, ыстық”;
- адамның сыртқы келбеті, түр-тұлғасын, портретін сипаттайтын фраземалар: *қызыл шырайлы* “бетінен қаны тамған өңді”, *қызыл жүз* “әдемі, сұлу бет, жастық жалын”;
- адамның жеке басына тән қасиеттерді, ішкі жан дүниесін айқындайтын фраземалар: *қызыл көз пәле* “барып тұрған пәлекор, жемқор адам”, *қызыл ауыз* “көп сөйлейтін, мылжың адам”;
- адамның физикалық қалпын, физиологиялық ерекшеліктерін айғақтайтын фраземалар: *қызыл кеңірдек* “таласып дауласты, жанжалдасты”, *қызыл табан қылды* “табанынан таусылды, көп жүріп көрді”, *қызыл шақа* “шыр етіп жаңа туған бала”, *қызыл жоса болу* “қызыл ала қан болу, төбелесу”;
- адамның психикалық ерекшеліктеріне, моральдық қалпын ойлау, сөйлеу қабілетіне, іс-әрекетіне, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасына тән қажеттіліктеріне

байланысты фраземалар: *қызыл дән* “піскен дән”, *қызыл диплом* “үздік диплом”, *қызыл қырман* “қырманда үйілген астық”, *қызыл тіл* “шешен, орамды, жүйрік”, *қызыл сөз* “құр бос сөз, тиянақтағы, байлауы жоқ, ойсыз, жылтыр сөз”;

- қоғамдық тұрмыс-тіршілікке, адамның әлеуметтік жағдайына баланысты фраземалар: *қызыл отау* “көпшілік мәдени-ағарту мекемесі”, *қызыл әскер* “елімізде болған төңкеріске, жаңа өмір құру ісіне белсене қатысушы революционер”, *қызыл қыран* “қоғам қайраткері, төңкеріс қаһарманы” *қызыл қырғын* “қан майдан”;
- зергерлік өнерге байланысты фраземалар: *қызыл моншақ* “бірыңғай қызыл түсті асыл тастардан тізілген моншақ”, *қызыл аяқ* “қызыл ала кілем түрі”, *қызыл алтын* “саф алтын, таза алтын” және т.б.

Көк фраземасының таңбалық-символдық мағынасы. Жиналған лексикографиялық деректер бойынша көк сөзінің 11 мағынасы анықталды. Оны төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады:

9-кесте – Түркі тілдеріндегі көк сөзінің лексикографиялық деректер бойынша мағыналары

№ р/с	*Көк* сөзінің мағынасы	*Мағынаның түркі тілдерінде қолданылуы/қолданылмауы*
1	Түс	Барлық түркі тілдерінде
2	көгілдір, көкшіл	орхон-енисей, көне ұйғыр, қараханид-ұйғыр, түрік, гагауыз, түркімен, қазақ, қарайым, кабардин-балқар, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, алтай, өзбек, ұйғыр, сары ұйғыр, хакас, якут долган, чуваш
3	көк, жасыл тас	түрік, гагауыз, әзірбайжан, түркімен, қарайым, кабардин-балқар, татар, башқұрт, қарақалпақ, қазақ, қырғыз, алтай, ұйғыр, сары ұйғыр, хакас, чұлым, тува, тофа, якут, долган, чуваш
4	а) көк, сұр, бурыл, (жылқыға қатысты); көкшіл сұр (түс) (түске, бояуға қатысты); ә) ақ, бурыл, (сақал, шаш) ақшыл, ақсұр	енисей, түрік, ноғай, қарақалпақ, қазақ, татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, ұйғыр, тува, чуваш тува, чуваш
5	аспан, көк күмбезі	көне ұйғыр, қараханид-ұйғыр, түрік, гагауыз, әзірбайжан, түркімен, қарайым, кабардин-балқар, құмық, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр
6	а) көгерген жер; ә) көк, ніл; б) қаралы түс (көк); в) көк түс, көгерген кеңістік	қазақ түркімен оңтүстік қырғыз, қазақ қырғыз, өзбек, ұйғыр тува
7	Жасыл	түркімен, қазақ, қырғыз, алтай, өзбек, ұйғыр, хакас, чұлым, тува, тофа, якут, долган
8	өте ертедегі көктемгі шөп	қарақалпақ
9	жасыл, көк, көк шөп, жеміс-жидек	әзірбайжан, түркімен, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, алтай, өзбек, ұйғыр, хакас, тува, тофа, якут, долган
10	піспеген, толмаған (ұрық жеміске қатысты)	түркімен, қырғыз
11	Сараң	Әзірбайжан

Қазақ тілінің сөздігінде көк сөзінің негізгі үш мағынасы берілген [Қазақ тілінің сөздігі, 1999; 321 б.]:

1. Заттың көгілдір аспан тәрізді түсі;
2. Көгеріп шыққан өсімдік, өскен шөп;
3. Жеміс-жидек көкөніс.

Қалған тіркес ішіндегі мағыналары сөздікте идиома белгісімен (♦) берілген.

Көк түсі орхон-енисей, көне ұйғыр, қараханид, орта ғасырлық қыпшақ, хорезм, шағатай ескерткіштерінде және түркі тілдерінің көпшілігінде көк, түрік, гагауыз тілінде gök, түркімен тілінде – ö:k, якут тілінде – küöx, чуваш тілінде – kavak тұлғаларында кездеседі.

Көк түсі мұсылман халықтарында көп мағыналы, себебі ата түркі тілінде көк пен жасылдың арасы ажыратылмаған. Қазіргі қазақ тілінде көк түсінің байлаулы коннотациялық мағынасы фраземалар құрамында төмендегідей болып келеді:

– аспан, аспан әлемі – *төбесі көкке жету, көктен тілегенін жерден табу, көк соқыр!, көкке көтерілді;*

– шөп, көгеріп шыққан өсімдік, көкөніс – *көк майса, көк шөп, көкке аузы ілігу, көк ату;*

– жас, піспеген шикі – *көк түйнек, көк өрім, көк сағал;*

– арық, жасық, майсыз, дәмсіз – *көк бақа қозы, көк қарын, көк шалап;*

– шыдамды, көнбіс, елеусіз көптің бірі – *көк есек, көк жұлын, көлденең жүрген көк атты;*

– қаһарлы, қайсар, айлалы, ашушаң – *көк долы, көк бет, көкжал бөрі, көк мүйіз, көк азу;*

– мылжың, езбе – *көк езу, көк малта езу, көк мылжың;*

– жалқау, топас, қалжырау – *көк желке болу, көк жұлын болу, көк тер болу, көк иық болу, көк жылқау, көк ми;*

– найзағай – *көк найзағай, көк жай* және т.б.

Көк сөзімен келетін фраземалардың тақырыптық-семантикалық классификациясы төмендегідей:

- табиғатқа байланысты фраземалар: *жеті қат көк* “шырқау биік, шексіз аспан”, *көк тайғақ* “жылтыр сырғанақ”, *көк аяз* “қатты тоң жер”, *көк тұма* “мөлдір бұлақ”;
- адамның сыртқы келбеті, түр-тұлғасы, портретін сипаттайтын фраземалар: *көк өрім* “қыршын жас”, *көк бақа* “тырбиған арық”, *көлденең көк атты* “кез келген, кім көрінген”;
- адамның жеке басына тән қасиеттерді, жан-дүниесін айқындайтын фраземалар: *көк бет* “қайсар, қаһарлы ”, *көк қасқыр* “батыл, қайсар”, *көк езу* “езбе, мылжың, көп сөйлейтін адам”, *көк пері* “бет қаратпас, ұрысқақ”, *көк долы* “ашуы қатты, ашушаң”, *көк ми* “топас, айтқан сөз басына қонбайтын, ессіз”;
- адамның физикалық қалпын, физиологиялық ерекшеліктерін бейнелейтін фраземалар: *көк желке* “қарақұс, шүйде жалғасқан сырт мойын”, *көк ала қойдай қылып сабады* “қан жоса етіп ұрып-соқты”, *көктен түскендей* “күтпеген жерден, ғайыптан пайда болу”, *күлі көкке ұшты* “талқандалды, құртылды”;
- адамның психикалық ерекшеліктерін, моральдық қалпын, ойлау, сөйлеу қабілетін, іс-әрекетін, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасын, тән қажеттіліктерін білдіретін фраземалар: *төбесі көкке жеткендей қуанды* “қатты қуанды, шаттанды, қуанышын тасытты”, *көсегесі көгерді* “өркендеп өсті, бағы ашылды”, *аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты* “аузына келгенін айтты”, *көкке көтерді* “жоғары бағалады, танытты, дамытты”;
- қоғамдық тұрмыс-тіршілікке, адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайына байланысты фраземалар: *тамақ тоқ, көйлек көк* “не ішемін, не жеймін демейді, ауқатты, тұрмысы жақсы”, *көк етікті* “басқалардан тәуір, өзгелерден артық”;
- халықтың салт-дәстүр, ырым-жоралғы, наным-сеніміне байланысты фраземалар: *көк тас* “өлген адамның басына қойылатын мрамор, құлыптас”, *көк тәңірі* “Алла-тағала, құдай ;

• алғыс-қарғыс, тілек-тілеуге байланысты фраземалар: *көк соққан!* “Алланың қаһары тисін”, *көк түйнектен қылжиып қалғыр* “ауруға шалдыққыр”, *көсегең көгерсін!* “өркенің өссін, бағың ашылсын”;

• сауыт-сайман, қару-жарақ және зергерлік өнерге байланысты фраземалар: *көк дулыға* “мықты, берік дулыға”, *көк сауыт* “мықты, берік”, *көк найза* “найзаның сапалы, асыл түрі”, *көк сүңгі* “асыл берік, мықты, найза, батырлардың бес қаруы” және т.б.

Боз фраземасының таңбалық-символдық мағынасы. Жиналған лексикографиялық деректер бойынша боз сөзінің 10 мағынасы анықталды. Оны төмендегідей кесте арқылы көрсетуге болады:

10-кесте – Түркі тілдеріндегі боз (қоңыр, құба) сөзінің лексикографиялық деректер бойынша мағыналары

№ р/с	*Боз (қоңыр, құба)* сөзінің мағынасы	*Мағынаның түркі тілдерінде қолданылуы/қолданылмауы*
1	Түс	Барлық түркі тілдерінде
2	жердің түсі, қоңыр, құба аюдың түсі	түрік, гагауыз, құмық, қырғыз
3	қараторы, тотыққан	Қырғыз
4	а) сұр (қасқырдың түсі); ә) қаракөк түс; б) көк (жылқыға қатысты)	орта ғасыр ескерткіштеріндегі қыпшақ, түрік, гагауыз, әзірбайжан, түркімен, кабардин-балқар, башқұрт, ұйғыр, алтай, орхон, қараханид-ұйғыр, кабардин-балқар, ноғай, қарақалпақ, қазақ, қырғыз, алтай, өзбек, ұйғыр
	в) көкшіл сұр түс; г) ашық-сұр, ашық күлгін, ақшыл	башқұрт орта ғасыр ескерткіштеріндегі ұйғыр, кабардин-балқар, қарақалпақ, қырғыз, алтай, шағатай, сары ұйғыр
5	тың жер	түркімен, түрік, кабардин-балқар, өзбек
6	Жастық	Қарақалпақ
7	бетеге, боз, ақ селеу (шөп)	қазақ, өзбек
8	құрғақ дала, жылым	Қырғыз
9	сағым (күннің ыстығындағы)	Қырғыз
10	қырғауылдың ұрғашысы	Әзірбайжан

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде боз сөзінің негізгі төрт мағынасы берілген [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 321 б.].

1. Ақшыл қылаң түс;
2. Құрғақ сор жер;
3. Астық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік;
4. Жас өспірім, бозбала.

Қалған тіркес ішіндегі мағыналары сөздікте идиома белгісімен (♦) берілген.

Көне түркі ескерткіштерінде, барлық түркі тілдерінде – qoz, түрік, монғол тілдерінде (bora) ортақ. Бұл аталмыш түс алтай тілдеріне ортақ лексема болып табылады. Қазақ ежелгі әдет-ғұрпы, наным-сенімі бойынша үлкен тойларға, қуаныштарға боз ат бауыздап, садақаға боз қасқа қой сойған. Эпостар мен ертегілерде, аңыздарда батырлар боз ат мініп, боз киім киген, яғни боз халық ұғымында киелі, қасиетті түс. Боз сөзімен келетін фраземалардың саны көп емес. Мысалы, Дереу дәретімді алып, тамдатымды оқып жіберейін, бұл нөсерге *боз қасқа шалсақ* та артық емес (Д. Досжанов). Басындағы ақыл ма, әлде боз өкпе жігіттің қыр аспайтын балаң қылығы ма, оңшасы беймәлім, әйтеуір сол қырсыз, күмірә мінез итермелеумен ит өлген жерден мойыны ырғайдай болып, көне өлкеге келіп жеткені анық (Д. Досжанов). Әр ауылда уығы қарынсыз, жатаған *боз үйлер* некен саяқ (Қ. Жұмаділов).

Боз түсімен танымдық тұрғыдан шамалас сұр сөзінің табиғаты онша анық емес. Мүмкін сұр және боз түстері ата тілде бір ғана түс орнында қолданылған болу керек. Мысалы, *Сұр жебе* мұның да кеудесіндегі сауыт торларын жанып өтіп, өкпе тұсыне бойлап енген (О. Сарсенбаев).

Сұңқар жүрек сұр тағдыр сағымында,

Қанат қақпай қалшиды тұғырында! (Б. Сүндетов).

Күйеуінің *сұп-сұр жүзін* көріп, тіпті қорықты (М. Сүндетов).

Қоңыр фраземасының таңбалық-символдық мағынасы. Жиналған лексикографиялық деректер бойынша қоңыр сөзінің 5 мағынасы анықталды. Оны төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады:

11-кесте – Түркі тілдеріндегі қоңыр (құба) сөзінің лексикографиялық деректер бойынша мағыналары

№ р/с	*Қоңыр, құба* сөзінің мағынасы	*Мағынаның түркі тілдерінде қолданылуы/қолданылмауы*
1	түс	Барлық түркі тілдерінде
2	жердің түсі	
3	қара-қоңыр	қараханид-ұйғыр
4	қара, баран ат	орхон, қараханид-ұйғыр, түрік
5	қараторы	Түрік

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қоңыр сөзінің негізгі үш мағынасы берілген [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 328 б.].

1. Қара мен қызылдың аралығындағы қою-күрең түс;
2. Онша мәз емес, жұтаң (тұрмыс-тіршілік);
3. Ықылассыз-көңілсіз салқын (пейіл, мінез).

Қалған тіркес ішіндегі мағыналары сөздікте идиома белгісімен (♦) берілген.

Қоңыр лексемасы *қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр кеш, қоңыр жел, қоңыр қабақ, қоңыр әңгіме, қойдай қоңыр, майда қоңыр* тіркестерімен келіп, жайбарақат, сыпайы, жанға жайлы құбылыстарды сипаттайды. Қазақ тіліндегі қоңыр дауыс, қоңыр үн – ышқынған қатты дауыс емес, жағымды, бір қалыпты, сүйкімді дауыс деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Сол белгіні күткен Дәрмен:

– Ендеше, Еңлік-Кебек құраны мынау болсын, – дей салып, тамағын кенеп алып, шырқап тұрып, әсем, *қоңыр даусымен* ән бастады (М. Әуезов). Үйдегілердің көңілді дауыстары жарқын-жарқын шығады: Міне мынау майда, *қоңыр үн* иесі – Тамыз қарт (М. Сүндетов).

Бірақ тіл тарихын зерттеуші Ә. Нұрмағамбетов "бір қалыпты ырғақпен айтылған жайлы үн" мағынасын беретін *қоңыр дауыс* фраземасына мүлде керісінше түсінік береді. Ол былай дейді: "Түсіндірме сөздікте берілген анықтамаға дау айта алмаймыз. Өйткені осы күнде әнші болмаса да, епте өлең айтуға ебі бар адамның даусын бағалауда "әжептәуір қоңыр даусы бар" сияқты мақтау лебізін әрқайсымыз естіп жүрміз. Демек,, қоңыр дауыс – естір құлаққа онша жағымсыз емес деген сөз. М. Қашғари заманында қоңыр – "бұлыққан, қарлыққан, қырылдаған" мағынасында қолданылған [Древнетюрский словарь, 1961; 456 б.]. Бұл жерде уақыт өткен сайын сөздің тұлғасы өзгермесе де, мағынасы жаңарып, отыратындығынан мәлімет алып отырмыз" [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 180-181 бб.].

Ала түсімен келетін фраземалардың символдық мағынасы. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ала сын есімінің алты мағынасы берілген [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 178-179 бб.].

1. Ақ және басқа түстердің араласып келген түрі;
2. Малдың хайуанаттың түсі;
3. Көз алмасының ақ түсті қабағы;
4. Бірдей емес, бір жері олай, бір жері бұлай;
5. Ауыз бірлігі жоқ, ынтымақсыз, ала ауыз;

6. Арам пиғыл, ниеті бөлек.

Қалған тіркес ішіндегі мағыналары сөздікте идиома белгісімен (♦) берілген.

Көне ұйғыр ескерткіштерінде Қараханид, орта ғасырлық қыпшақ, хорезм, шағатай, көне осман ескерткіштерінде, түркі тілдерінің басым көпшілігінде – ala тұлғасында, гагауыз тілінде alaza, чуваш тілінде – ula вариантында кездеседі.

Ала түсі қазақ тілінде көбінесе номинативтік мағынасында емес, ауыспалы мағынасында қолданылады. Бұның себебі ғалымдар былай түсіндіреді. Ала түс жалпы ақ түс тобындағы (ақ, боз, сары, сұр, құла, құба, қылың, бозғылт, сарғылт т.б.) реңктермен қара-қоңыр түс тобындағы (қара, қоңыр, торы, кер, баран, күрең т.б.) реңктердің араласуы арқылы пайда болуына байланысты неше алуан түр-түс гаммасы жасауында. Түстің ала-құла әр тектес болып келуі олардың мағыналық жағынан да, шеңберінің кеңеюіне, неше түрлі ауыс мағынада қолданылуына негіз болмақшы [Ә. Қайдар, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков, 1992; 72 б.].

Ала атауымен келетін тіркестер метафоралық, метонимиялық және символдық мағыналардың дамуына орай, өздерінің түр-түстік мағынасынан айырылып, қашықтап, байлаулы фразалық мағыналар қалыптасқан:

– табиғат құбылысы, жыл, ай, апта, тәулік мерзімі – *ала кеуін, ала көлеңке, ала қанат қар, ала құйын, ала сапыран уақыт;*

– бір-біріне сай келмейтін, жанаспайтын – *ала бөтен, ала бөлек, ала көңіл, ала қозыдай бөліну;*

– араздасу, ала ауыз болу – *ала көз болу, ала тайдай бүлдіру, ала топалаңын шығару;*

– этнографиялық мағынасы – *ала жіп, біреудің ала жібін аттамау, ала қаптың аузын ашу, ала қоржынын арқалау* және т.б.

Р. Сыздықова "Сөздер сөйлейді" еңбегінде *ала көз, ала ауыз* фраземаларына этимологиялық талдау жасай келе, былай дейді: Көне түркі тілдерінде ала сөзінің бір мағынасы "келіспеушілік, қастандық" екенін М. Қашқари көрсетеді: qarya qarisin kim bilir, kisi alasin kim tapar – "Қарғаның қарасын кім білер, кісінің аласын кім табар". Қазірде қолданылатын "жылқы аласы сыртында, адам аласы ішінде" деген мақал XX ғасырда да дәл осы түрінде болғанын көреміз.

Ала көз, алабұрту, ала ауыз тіркестеріндегі келіспеушілік, қастық мәнін жасауға ала сөзінің мағынасы негіз болғанын байқау қиын емес. Бұл сөздердегі ала тұлғасының түске, ұрыс-соғысқа қатысы жоқ [Р. Сыздықова, 1994; 31-32 бб.].

Қазақтар төрт түлік малдың төртеуінің де түр-түсін анықтауға зор мән берген. Осыған байланысты тілімізде жылқының да, түйенің де, сиырдың да, қой-ешкінің де өздеріне лайықты түр-түс атаулары бар. Бірақ төрт-түлік малдың ішінде түстен тану жағынан ерекше орын алатын жылқы малы. Оның негізгі себебі – әр түліктің табиғи түріне немесе сыртқы түсіне байланысты. Ала-құлалық көбіне-көп жылқы малына тән де, басқа малдардың түсі негізінен бірыңғай болып келеді.

Қазақ тіліндегі жылқы малының түс-түсіне байланысты арнайы атаулар мен оған қатысты сөздер, сөз тіркестері көп. Сонымен қатар жылқы малының күрделі түр-түсін, көркем бейнесін суреттеуге қажет жаңа атаулар жасалып тұрады.

Жылқы малының түр-түсін мағына және тұлға жағынан қарап, бір сөзден тұратын жалаң атаулар және екі-үш сөзден тұратын күрделі атаулар деп екі топқа жіктеуге болады. Қазақ тілінде жылқы түсін білдіретін жалаң атаулардың саны жиырмадан астам. Олар: ақ, ала, баран, боз, бурыл, жирен, кер, көк, күрең, қара, қоңыр, құба, қызыл, қылаң, сары, сұр, тарғыл, теңбіл, торы, шабдар, шұбар. Жылқы малының түсіне байланысты бір сөзден тұратын негізгі атауларға міне осылар жатады, ал күрделі атаулар өзге түстен мағынасы бар сөздермен өзара тіркесуі арқылы жасалады. Күрделі атауларды мағыналық жағынан екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топ – негізгі топ екі түр-түс атауының өзара тіркесуі арқылы жасалған, ал екінші топ – негізі түр-түс атауының біреуі не екеуі қатысып басқа сөздермен тіркесуі арқылы жасалған күрделі атаулар. Оларды компонент санына байланысты 1) екі

компонентті және 2) үш және көп компонентті күрделі (күрделі) және түр-түс атаулары деп те топтастыруға болады.

Түйе малы басқа түліктерге қарағанда түгінің түр-түсі жағынан айырмашылығы бар. Түйе түгі басқа малдардікі сияқты жыл мезгіліне, жасына қарай өзгеріп отырғанымен, тек ақ-боз бен қара түстің аралығындағы бірыңғай қоңырқай реңктерден тұрады. Ш. Жанәбіловтің "Қазақша мал атаулары" атты еңбегінде түйе малының түр-түс атауларының он шақтысы көрсетіледі. Мәселен, ақ түйе, қара түйе, қызыл түйе, қызыл нар, ақ сары бас атан, қасқа бас түйе, ақ қаптал түйе, ала бас нар.

Төрт түліктің ішінде уақ малға жататын қой мен ешкілердің түр-түсіне қарай ажыратады. Қой ешкіге қарағанда ала-құлалығы аз мал: ол ең көп дегенде он шақты түстен аспайды. Мәселен, қой малында боз, қара, көк, ала, ақ сары бас, қара қасқа, қоңыр т.б. түстер болса, ешкі малына: ақ, боз, көк, сары, жағал, бөрте, тарғыл, ала қасқа, шұбар, теңбіл т.б. түстер тән. Дегенмен, қой малына тән жалпы түс дегенде халқымыз негізінен үш-ақ, боз қоңыр – түсті айтады: "ақтылы қой", "боз жусандай боз қойлар". Ешкі малының өзіне ғана тән қойдан, ала бөтен түр-түстер де бар: шұбар туша, бөрте шыбыш, тарғыл теке, сағал-жағал ешкі, ақ сұр ешкі, сары лақ т.б. ешкі арасында қой сияқты сары қасқасы, ақ төбелі, теңбіл қарасы, қара шұбары, ақ бастысы, ақ қаптал, ақ ауызы кездеседі де, ал бөрте сағал түстер басқа малдарда көп кездеспейді.

Төртінші түлік – сиыр малының да өзіне тән түр-түстері бар. Ш. Жанәбіловтың анықтамалары бойынша олардың негізгілері: қара, қара қоңыр, қызыл, ала, көк, тарғыл. Кейде түр-түс атаулары өзінің мағыналық әсерлігіне образдылығына, бейнелеуіш ерекшелігіне және қолданыс жиілігіне байланысты фраземалардың құрамында атау ретінде ұшырап отырады. Мәселен, қазақта "Ақтылы қой, алалы жылқы" деген фразема бар. Махамбет оны "Алалы жылқы, ақтылы қой, Аңдыған бөрі жемей ме...?" деп келтіреді. Осыған қарағанда мал бағушы қазақ үшін мал түсінің де ерекше мәні болған. Әдеби-фольклор деректеріне қарағанда, қазақтар бұрын қой малының бір текті түстісін, ал жылқы малының түрлі-түсті болғанын ұнатқан. Мысалы: қойдан қоңыр, жылқыдан торы деген фраземалардан біз қарапайымдылықты, жуастықты аңғарамыз. Бұл да малдың түр-түс ерекшеліктеріне байланысты туған фразема.

Бұл үлкен тарауда біз "мәдени бірліктер арқылы тіл бірліктерінің табиғатын" (В.В. Маслова) ашуға болатынын дәлелдеуге тырыстық.

Біріншіден, фраземалық бірліктердің анықтамасы мен фраземалық қасиетін тілде сақтаған мәдени мағлұматтардан;

екіншіден, қалыптасқан символдар, олардың уәжділігі мен түптөркінін идиоматикадан;

үшіншіден, басқа халықтан ауысқан антропонимдер мен топонимдердің фраземада ұшырасуы ситуациясын, фраземалық таңбалардан;

төртіншіден, сан ұғымдарының киелі мәнін, (діни, әлемдік) магиялық күшін ежелгі халықтың ұғым-түсінігінен, салт-санасынан;

бесіншіден, табиғаттағы түр мен түстердің символдық мағыналарын этнос, халықтың психологиясынан, эстетикалық танымынан іздеуге болады.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.
8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.
9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.
10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б